



«Қазақстан Халық Банкінің еншілес үйымы –
«Казтелепорт» акционерлік қоғамының жалғыз
акционерінің шешімімен
(«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кенесі
сырттай отырысының 2021 жылғы «09» ақпан № 8
хаттасы)

БЕКІТІЛДІ

«Қазақстан Халық Банкінің еншілес үйымы – «Казтелепорт» акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2021 ж.

Осы Жарғы, бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы — «Казтелепорт» акционерлік қоғамының бұдан әрі «Зан» деп аталатын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» занына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалды және жаңа редакцияда бекітілді.

Бұдан әрі "Акционер" деп аталатын "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" акционерлік қоғамы Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның толық атауы:

- 1) қазақ тілінде: «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы – «Казтелепорт» акционерлік қоғамы;
 - 2) орыс тілінде: акционерное общество «Казтелепорт» – дочерняя организация Народного Банка Казахстана»;
 - 3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Kazteleport» – subsidiary company of the Halyk Bank».
2. Қоғамның қысқартылған атауы:
- 1) қазақ тілінде: «Казтелепорт» АҚ;
 - 2) орыс тілінде: АО «Казтелепорт»;
 - 3) ағылшын тілінде: JSC «Kazteleport».

2-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам заңды тұлға болып табылады, меншік құқығымен оқшауланған мүлікті иемденеді және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, сондай-ақ өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерді иелене алады және іске асыра алады, сotta талапкер әрі жауапкер бола алады.

2. Қоғамның ресми мәртебесі Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өту арқылы айқындалады.

3. Қоғамның меншік нысаны – жеке меншік.

3-бап. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері

1. Қазақстан Республикасы, А05A1B9, Алматы қ., Абай даңғылы, 109 "В".

2-тарау. Қоғам қызметі

4-бап. Қоғамның қызметінің түрлері

1. Қоғам қызметінің мақсаты оның заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде табыс алу болып табылады.
2. Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) төлем карточкаларымен операциялар бойынша есеп айрысулады қоса алғанда, банк қызметі бойынша есеп айрысулада қатысушылар арасында ақпараттық, телекоммуникациялық және технологиялық өзара іс-кимылды қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету;

2) үшінші тұлғаларға телекоммуникациялық және ақпараттық қызметтер көрсету үшін жеке телекоммуникация жүйелерін жобалау, құру және пайдалану;

3) ішкі мекемелік байланыс желілерін жобалау, құру және оларға қызмет көрсету;

4) Қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын және (немесе) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға инфотелекоммуникациялық қызметтерді (табиғи монополиялар саласына жатқызылмаған) ұсыну;

5) телекоммуникациялық жабдықтарды сату, жалға беру, монтаждау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету;

6) банкоматтарды және пластикалық карточкаларды өндөудің басқа да шеткі құрылғыларын қосу және оларға техникалық қызмет көрсету;

7) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

8) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және іске асыру;

9) телекоммуникациялық жабдыққа сервистік қызмет көрсету бойынша қызметтер спектрін ұсыну;

10) жүйелік интеграцияға және веб-технологияларға байланысты қызмет.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4. Егер қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда, Қоғам қызметтің осы түрін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және оған сәйкес жүзеге асырады.

5-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері

1. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға құқылы. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болып табылмайды және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде Қоғам атынан әрекет етеді.

2. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

3. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

3-тaraу. Қоғамның мүлкі мен капиталы

6-бап. Мүлікті құру және кірістерді бөлу тәртібі

1. Қоғам мүлкі мыналардың есебінен құралады:

1) акционермен Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүлік;

2) Қоғам қызметі нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздемелер бойынша сатып алынған өзге мүлік.

2. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді және де қоғамның дамуына немесе акционердің шешімімен көзделген өзге де мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

7-бап. Қоғамның акциялары

1. Қоғам құжатсыз нысанда жай атаулы акцияларды шығаруды жүзеге асырады.
2. Қоғам артықшылықты акцияларды шығаруды жүзеге асырмайды.

8-бап. Қоғамның басқа бағалы қағаздары

1. Қосымша қаржы тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарыногы туралы заңнамасына сәйкес облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

2. Облигациялар шығару, олар бойынша сыйақы төлеу, оларды сатудан түскен қаржыны өтеу және пайдалану шарттары мен тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес облигациялар шығару проспектісінде анықтайды.

3. Туынды бағалы қағаздар шығару шарттары мен тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті шығару проспектісінде (шығару талаптары) анықтайды.

9-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

1. Қоғам акционерінің мынадай құқығы бар:

- 1) Занда және осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесіне Акционердің қарауына қосымша мәселелерді енгізу үсіну;
- 3) дивиденд алу;
- 4) Қоғам қызметі туралы ақпарат алғып отыру, оның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғамның қаржылық есебімен танысу;
- 5) тіркеушіден немесе номиналдық ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына акционердің меншік құқығын растайтын үзінділер алғып отыру;
- 6) акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының заңмен айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сottық тәртіппен даулау;
- 8) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды анықтау
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда сот органдарынан өз атынан Қоғамға келтірілген залалдың орнын толтыруын және Қоғамның лауазымды тұлғаларына және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларына алған пайданы (кірісті) қайтаруды талап ете отырып жүргінуге; ірі мәмілелер және (немесе) байланысты тараптармен мәмілелер жасау туралы (жасасу туралы ұсыныстар) шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратулар жасау және сұрату Қоғамға түскеннен кейін отыз күннен кешіктірмей уәждемелі жауап алу;
- 11) Қоғам таратылғанда оның мүлкінің бір бөлігін алу;

12) Қоғамның акцияларын немесе акцияға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Занда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алу;

13) Занда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын езгерту немесе олардың түрін езгерту туралы шешім қабылдау;

14) Директорлар кеңесін шақыруды талап ету;

15) өз есебінен аудиторлық үйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап ету;

16) шарттар болған кезде директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы бір мезгілде мынадай ақпарат алуға:

- соттың анықтауымен Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің қоғам акционерін оның (олардың) не оның үлестес тұлғаларының пайда (табыс) алуы мақсатында қасақана жаңылыстыру фактісі енгізілсе);

- егер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің теріс пиғылды іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғам шығындарының туындауына әкеп соқтырғаны дәлелденсе.

10-бап. Айырбасталатын бағалы қағаздар

1. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

2. Қоғам акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде іске асырылады.

3. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары, мерзімі және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

4. Қоғамның бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап. Қоғам акцияларын және өзге бағалы қағаздарды кепілге беру

1. Қоғам акционері Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге беруге құқылы.

2. Егер кепілдік шартымен басқа жағдай қарастырылмаса Қоғам акционерінің өзі кепілдікке берген Қоғам акциясы бойынша дауыс беру және дивиденд алу құқығы бар.

3. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке тек мына жағдайда қабылдай алады:

1) кепілдікке берілетін бағалы қағаздардың ақысы толығымен төленсе;

2) Қоғамға кепілдікке берілетін және оның кепілдігінде жатқан бағалы қағаздардың жалпы саны Қоғаммен сатып алынған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жырма бес) пайызынан аспайтын болса;

3) кепілдік туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаған болса.

12-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

1. Тоқсан, жарты жыл немесе жыл қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу қоғамның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және акционердің шешімі бойыншаға жүзеге асырылады.

Акционердің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.

2. Дивидендтер Дивидендтерді төлеу Занда белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі.

3. Қоғамның акционері Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Занда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

4-тарау. Қоғамның органдары

13-бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

1) жоғарғы орган – Акционер;

2) басқару органдары – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган-оның Төрағасы басқаратын Басқарма (бұдан әрі – Басқарма Төрағасы).

2. Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа органдар мен комитеттер құрылуы мүмкін

14-бап. Қоғам Акционері

1. Акционер Қоғамның жоғары органы болып табылады.

2. Заңмен акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

15-бап. Акционердің құзыреті

1. Акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның жаңа редакциясын бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту, сонымен қатар оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жай акцияларына айыrbасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жай акцияларына айыrbасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айыrbастау туралы шешім қабылдау, осындай айыrbастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

8) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын етеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

10) жылдық қаржылық есепті бекіту;

11) есепті қаржы жылы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешімдер қабылдау;

14) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

15) Қоғамның құны 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңгеден асатын мүлікті, жұмыстарды (қызметтерді) сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) нәтижесінде

Қоғамның мәміле (- лер) жасауды туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайзының құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле (- лер) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайзының құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) қоғамның ірі мәміле (- лер) жасасу туралы шешім қабылдау;

17) шешімдер қабылдау акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне заңмен жатқызылған өзге де мәселелер.

2. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде басқаша көзделмесе, шешім қабылдау Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге болмайды.

3. Акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін бас тартуға құқылы.

4. Акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналышында Заңға сәйкес қаралуга жататын мәселелер бойынша шешімдерді акционер акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналышын өткізу үшін заңда белгіленген мерзімде қабылдайды.

16-бап. Директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты іске асыруши басқарушы орган болып табылады.

2. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының кемінде 30 (отыз) пайзызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

3. Директорлар кеңесінің сандық және дербес құрамын қоғамның акционері айқындайды.

4. Жеке тұлғағана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар Кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) Директорлар кеңесіне акционердің өкілдері ретінде сайлануға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалар;

2) жеке тұлғалардың ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) директорлар Кеңесіне Акционердің өкілі ретінде.

5. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайланған алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

6. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционер белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционер жаңа директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

7. Акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Қоғам Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттігі соның (солардың) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Акционердің шешімі қабылданған күннен бастап тоқтатылады.

8. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

9. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталысымен бір мезгілде аяқталады.

10. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

11. Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарында төрағалық етеді және занда, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды орындауды.

12. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Занға және осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

13. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері қоғам мүддесінде әрекет етуге, мінсіз іскерлік беделі болуға, қоғам қызметіне жалпы басшылық ету үшін қажетті кәсіби біліктілігі болуға, Қоғам қызметі саласында да, басқару саласында да арнайы білімі болуға тиіс.

14. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығыстарын, оның ішінде қоғамның меншігін зансыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жою;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

15. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарма төрағасының бастамасы бойынша не директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің, қоғамның ішкі аудит қызметінің, Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, қоғам акционерінің талабы бойынша шақырылады.

16. Отрыс өткізу туралы хабарлама, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен бірге, Директорлар кеңесі мүшелеріне отрыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей жазбаша түрде отырыстың күнін, уақытын, өтетін жері мен күн тәртібін көрсете отрысп җолданады. Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлама жіберу мерзімі отырыста қарауға шығарылатын мәселелерді сипатына қарай Директорлар кеңесі Төрағасының қалауымен өзгеріліу мүмкін.

17. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде Қоғам басқармасына алдын ала ескертуге міндетті.

18. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге арналған Қворум бір тәуелсіз директорды қоса алғанда, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы болуға тиіс. Бұл ретте отырыста бола алмаған Директорлар

кенесінің мүшесі қарастыруға шығарылатын барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге телефон байланысы немесе басқа байланыс арқылы қатыса алады.

Қоғамның Директорлар кеңесі шешімді отырыс өткізілген жерде болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен қабылдағанда отырыс хаттамасында Директорлар кенесінің осы аталған мүшесі мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға телефон немесе басқа байланыс арқылы қатысқандығы, ал бұл отырыс өткізілген жерде болмаған Кеңес мүшесін бір мәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндігі атап көрсетілуге тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің аталған мүшесі қабылданған шешім туралы өзінің дауыс беру нәтижесін растайтын жазбаша құжатты отырыс өткізілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмей кешіктірмей Қоғамның корпоративтік хатшысына қолма- қол табыстауға немесе пошта байланысы құралдарын пайдалану арқылы жіберуге тиіс. Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған мүшесі қабылданған шешім туралы өзінің дауыс беру нәтижесін растайтын жазбаша құжатты отырыс өткізілген күннен кейін екі ай мерзімнен кешіктірмей Қоғамның корпоративтік хатшысына қолма- қол табыстауға немесе пошта байланысы құралдарын пайдалану арқылы жіберуге тиіс. Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі аталған жазбаша құжаттың көшірмесін отырыс өткізілген күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей факсимильдік немесе электрондық байланыспен Қоғамның корпоративтік хатшысына жіберуге тиіс.

19. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Директорлар кеңесінің шешімі Кеңес мүшелері берген жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің жиналысына төрағалық етуші тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

20. Директорлар кеңесінің мүшелері қарауға қатысуға құқылы емес мәміле бойынша шешімдер қабылдау туралы шешім қабылдайды.

21. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде жасалуға және оған отырысқа төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және ол қол қоюға тиіс:

- 1) Қоғамның толық атаяуы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері;
- 2) жиналыс өткізілетін күні, уақыты және өтетін жері;
- 3) жиналысқа қатысуышы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) жиналыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

22. Директорлар кеңесінің отырысына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бүллетеңдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі (Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі) және оған қоғамның директорлар кеңесінің хатшысы мен Төрағасы қол қоюы тиіс.

23. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша

оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімнің узінділерін беруге міндетті.

17-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Директорлар кеңесі Занға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Акционердің айырықша құзырына жатқызылған мәселелер шешімін қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты іске асырады;
2. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам қызметінің басымдық берілген бағыттарын анықтау, Қоғамның даму Стратегиясын бекіту;
 - 2) Акционердің құзыретіне қатысты мәселелерді акционерге ұсыну туралы шешім кабылдау;
 - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілеттін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуды және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйакы шарттарын айқындау;
 - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдерді қабылдау;
 - 8) Басқарманың сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау ;
 - 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;;
 - 11) Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;;
 - 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, сондай-ақ Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
 - 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайзызы Қоғамға тиесілі занды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуы туралы шешімді занға сәйкес акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуында қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайзызы болатын шамаға көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) егер де осы мәселе бойынша шешім қабылдау Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Акционернің құзіретіне жатқызылмаған жағдайларда, жылжымайтын мүлік нысындарымен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын-ала мақұлдау;

21) Қоғам Жарғысын, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын-ала мақұлдау;

22) Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыреттерін бекіту мен өзгерту және оның мүшелерін сайлау;

23) Атқарушы органдармен (Бас директормен) ұсынған Қоғамның құрылымы мен штатын бекіту;

24) Қоғамның бизнес-жоспарын, бюджеті мен капиталдық салым жобаларын қарастыру;

25) нәтижесінде 100 000 000 (жуз миллион) тенгеден бастап 2 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) тенгеге дейін және де 25 (жиырма бес) пайыздан бастап 50 (елу) пайызға дейін құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) қоғамның жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдауы.

26) Занда және осы Жарғыда көзделген, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

3. Осы Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесі Акционердің және Қоғамның Басқарманың құзырына жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ Акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның Басқарма шешім үшін берілмейді.

4. Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасының Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бўрын тоқтату мәселелері жөніндегі шешімдері Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы дауыс санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады. Бұл ретте Басқарма Төрағасы лауазымына сайлауға кандидат болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі немесе тиісінше Басқарма Төрағасы осы мәселелер бойынша шешім қабылдауға қатыспайды .

18-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Ерекше маңызға ие мәселелерді талқылау және Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынастарды дайындау мақсатында мынадай мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылсын:

- 1) Стратегиялық жоспарлау;
- 2) Кадрлар мен сыйақылар;

3) Ішкі аудит;
4) Әлеуметтік мәселелер;
5) осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес бір немесе бірнеше комитеттің құзыретіне жатқызылуы мүмкін, ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, директорлар кеңесінің жеке комитеті.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Ішкі аудит комитеті тек Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруы керек.

Директорлар кеңесінің комитеттің Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы баптың 1 - тармағы бірінші бөлігінің 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитеттің төрағасы бола алмайды.

3. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

19 - бап. Басқарма

1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметін басқаратын, Қоғамның алқалы атқарушы органды болып табылады.

Басқарма Қоғам атынан іс-қимыл жасайды, оның ішінде оның мүддесін білдіреді, осы Жарғы және Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның атынан мәмілелер жасайды, Қоғамның барлық қызметкерлері орындауы үшін міндettі болып табылатын шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді.

2. Қоғамның Басқармасы Басқарма Төрағасынан және Қоғам басқармасының басқа мүшелерінен тұрады.

Тек жеке тұлғаларға Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма құрамының санын және мүшелерін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

Басқарма Төрағасын және оның мүшелерін Директорлар кеңесі тағайындаиды және Заңға қайшы келмесе олар шексіз рет қайта сайлануы мүмкін.

3. Қоғам Басқармасы және мүшелері Қоғам мүддесіне сай іс-қимыл жасаулары, қалтқысыз іскерлік беделі, қоғамның ағымдағы қызметін басқаруға қажетті кәсіби біліктілігі, Қоғам қызметінің саласында да, басқару саласында да арнайы білімі болуы тиіс.

4. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарма мүшелерінің өкілеттіліктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Директорлар кеңесінің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шартын Қоғамның атынан Басқарма Төрағасы жасайды. Әрбір Басқарма мүшелесімен жасалған еңбек шартына Қоғам атынан Басқарма Төрағасы қол қояды.

Басқарма мүшелерінің қызметтерін, құқықтары мен міндettемелерін Заң, осы Жарғы және тиісілі Басқарма мүшесінің Қоғаммен жасасқан еңбек шарты айқындайды.

5. Қоғам Басқармасының мүшесі Қоғам Директорлар кеңесінің келісіміменғана басқа үйимда жұмыс істей алады.

6. Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы немесе оның орнындағы тұлға не оның мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігінің талабы бойынша шақырылады.

7. Басқарма жиналышына Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда ол занды деп саналады.

Басқарма жиналышын Басқарма Төрағасы немесе оның орнындағы тұлға жүргізеді.

8. Қоғам Басқармасының мүшесі өзінің дауыс беру құқығын басқа бір тұлғаға, соның ішінде басқа Қоғам Басқармасының мүшесіне бере алмайды.

9. Басқарма жиналышына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер жиналасқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Басқарма жиналышына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

10. Басқарма жиналыштарының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарма жиналышқа/шешім қабылдауға қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауыска қойылған мәселелер, Басқарма жиналышының әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

20-бап. Басқарма құзыretі

1. Басқарма Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және Акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

2. Басқарма мынадай функциялар атқарады:

1) Қоғамның өзге органдарының құзыretіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекітеді;

2) бизнес-жоспарды, Қоғамның бюджетін және күрделі салымдарының жоспарын әзірлейді және Қоғам Директорлар кеңесінің алдына бекітуге ұсынады;

3) Акционер және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

4) қаржылық есепті (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есепті, ақша қарожатының қозғалысы туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп туралы заңдарына сәйкес өзге есептерді) Акционерге және Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына, Қоғам Жарғысына және ішкі құжаттарға сәйкес ол мәселе бойынша шешім қабылдау Қоғамның басқа органдарының құзыretіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда жылжымайтын мүлік нысандарымен оны жалға беруден басқа мәміле жасау (сатып алу немесе сату) туралы шешімдер қабылдайды;

6) ішкі еңбек тәртібі ережесін, оның құзыretі шегінде жазалауды және ынталандыру шараларын реттейтін ішкі ережелерді бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұжымдық шарттар жасау туралы шешімдер қабылдайды және қарайды;

8) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға қайши келмейтін өзге де функцияларды атқарады.

3. Қоғам Басқармасы өзінің құзыretіне жатқызылған маңызды деген мәселелерді қарau үшін жұмыс органдарын және комитеттерді құруға құқылы.

21-бап. Басқарма Төрағасы

1. Басқарма Төрағасын Директкорлар кеңесі тағайындейды және ол Қоғам қызметін жедел басқарады.

2. Басқарма Төрағасы мынадай функцияларды атқарады:

1) Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру;

2) Акционердің және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;

3) Қоғамның атынан сенімхатсыз үшінші тұлғалармен қатынасады, сонымен бірге осы Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау жағдайдардан басқа келісім-шарттарға қол қою құқығымен жылжымалы мүлікті жалға беру бойынша мәмілелерді жасасу;

4) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамның өкілі болу құқығына сенімхаттар береді;

5) Қоғамның қызметкерлерін, Заңмен орнатылған басқа жағдайларды қоспағанда, жұмыска қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, ынталандыру шаралары мен тәртіптік жазаларды қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің дауазымдық жалақыларын және жалақыға үстемеақы мөлшерін белгілейді, Қоғамның Басқарма мүшелерінің және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік пен жауапкершілік аясын бөледі;

7) өзі болмаған жағдайда міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның мүлкі мен қаржаттарын қажетке жаратады;

9) Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Жарғыға қайшы келмейтін, оның ішінде Акционердің шешімдерімен айқындалған және Қоғамның басқа органдарының құзыретіне өзге де функцияларды атқарады.

22-бап. Ішкі аудит қызметі

1. Қоғамның қаржы – шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін жасалынады.

2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органдың құрамына сайланана алмайды.

3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы турали есеп береді.

5-тaraу. Қоғамның қаржылық есептілігі мен аудиті.

Қоғамның ақпаратты ашуы. Қоғам құжаттары

23-бап. Есепке алу және есеп

1. Қоғам өзінің жүргізетін операцияларын белгіленген тәртіппен бекітілген бухгалтерлік есептемесінің стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің қаржы есебін ұсынады.

3. Қоғамның бухгалтерлік есебінің саясатын Қоғамның Директорлар кеңесі айқынрайдайды.

24-бап. Жылдық қаржылық есеп

1. Қоғамның жылдық қаржылық есебі бухгалтерлік баланстан, пайда мен зияндар

туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп туралы зандарына сәйкес өзге есептерден тұрады.

2. Қоғам Басқармасы жыл сайын Қоғамның Акционеріне Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудиті жүргізілген жылдық қаржылық есептемесін аудиторлық есеппен бірге талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептемеден басқа Қоғам Басқармасы Акционерге аудиторлық есеп ұсынады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі Акционер жыл қорытындылары бойынша шешімді қабылдаған күннен кемінде 30 күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілуі тиіс.

Жылдық қаржылық есеп Акционердің жыл қорытындылары бойынша шешімімен түпкілікті бекітіледі.

3. Қоғам шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

25-бап. Қоғамның аудиті

1. Қоғам жылдық қаржылық есепке аудит жүргізуге міндетті.

2. Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін тексеріп, дұрыстығын растауды, сондай-ақ оның жұмыстарының ағымдағы жай-күйін тексеруді Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңына сәйкес аудит жүргізуге құқығы бар аудиторлық мекеме (аудитор) жүргізеді.

3. Тексеру нәтежелері мен тексеру бойынша жасаған өз қорытындыларын аудиторлық ұйым Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасына ұсынатын есебінде баяндайды.

4. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша қоғам есебінен не Акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

26-бап. Қоғам Акционеріне оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналымы кезеңінде қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында "бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты, оның ішінде:

- 1) Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;
- 2) жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшесі сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
- 3) Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер;
- 4) Қоғам әрбір осындан ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және қоғамның аудиторлық есептері;
- 6) оған енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісі;
- 7) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп;

8) Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі.

2. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті органның әмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы және (немесе) қоғамның әмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

3. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмесе, осы ақпаратты қоғам ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ашады.

5. Қоғамның ақпаратты ашу тәртібі, қоғамның ашуға жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қоғамның қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

6. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуы үшін Акционер Қоғамы Басқармасы Төрағасының атына жазбаша өтініш жасай алады, онда Акционердің талап ететін ақпараты және оның пайдалану мақсаты көрсетіледі.

Конфиденциалдық сипаттағы және қызметтік, коммерциялық құпия болып табылатын немесе заңмен қорғалатын басқа құпия ақпаратты беруге Қоғам Басқарма Төрағасының шешімімен шектеу қойылуы мүмкін.

Өтініш Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап 30 күн ішінде қаралуы тиіс. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін Қоғам Акционерге берілген өтініштің қаралу нәтижелері туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

27-бап. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғаларының аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

1. Акционер және қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіpte және мерзімде олардың үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады.

2. Акционердің аффилиирленген тұлғалары және қоғамның лауазымды тұлғалары туралы ақпарат алу үшін акционердің және лауазымды тұлғалардың атына ақпарат тізбесін, ақпаратты ұсыну мерзімі мен нысанын көрсете отырып, тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

28-бап. Қоғамның құжаттары

1. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарын қоғам атқарушы органның орналасқан жері бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауға тиіс.

2. Мына құжаттар сақтауғажактады:

- 1) Қоғамның Жарғысы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) жалғыз құрылтайшының шешімі, жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 3) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауға рұқсат беру);
- 4) Қоғам балансындағы (балансында болған) мүлікке Қоғамның құқығын растайтын құжаттар;

- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы проспектілер;
 - 6) Қоғам шығарған бағалы қағаздардың мемлекеттік тіркеуден өткендігін, бағалы қағаздардың жойылғандығын растайтын, сондай-ақ Қоғамның өтелген бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есептердің бекітілуін растайтын үәкілетті органға берілген құжаттар;
 - 7) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
 - 8) Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары (сырттай жиналыстар шешімдері), Директорлар кеңесі бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), Акционерлердің Заңнамаға, Жарғыға және Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес акционердің құқықтарын қозғайтын Директорлар кеңесінің акционерлері;
 - 9) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай отырыстарының шешімдерінің) хаттамалары және бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), Директорлар кеңесінің Заңға, қоғамның мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару жарғысына және проспектісіне сәйкес акционердің құқықтарын қозғайтын күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;
 - 10) Атқарушы органның шешімі;
 - 11) Бар болған жағдайда корпоративтік басқару кодексі.
2. Басқа құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім бойына сақталады.
3. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Занда көзделген құжаттардың көшірмелерін осындай талап қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей беруге міндетті.
- Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын акпараты бар жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар танысу үшін акционерге оның талап етуі бойынша табыс етілуге тиіс.

6-тaraу. Қоғам қызметінің тоқтатылуы


29-бап. Қоғамның қайта құрылуы

1. Қоғамның қайта құрылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, шығуы, қайта ұйымдастырылуы) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүргізіледі.
2. Қоғамды қайта ұйымдастыру акционердің ерікті қайта ұйымдастыру туралы шешімі бойынша жүргізіледі. Қоғамды акционердің қарауына қайта ұйымдастыру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен Қоғамның директорлар Кеңесі шығарады.
3. Егер қайта құрылу нәтижесінде Қоғам өз қызметін тоқтататын болса, оның жарияланған акциялары, оның ішінде орналастырылғандары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жойылуға тиіс.

30-бап. Қоғамды тарату

1. Қоғам мына жағдайларда таратылуы мүмкін:
 - 1) Акционердің шешімі бойынша (ерікті тарату); 2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда сottың шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).
 2. Қоғам таратылған жағдайда оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акцияларының күштері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен күшін жояды.
 3. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату ресімін белгілейтін Акционермен қабылданады,
 4. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамды мажбурлеп таратуды сот жүзеге асырады.
 5. Сottың немесе акционердің қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
- Тарату комиссиясы қоғамды тарату кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған іс-эрекеттер жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.
- Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына қоғам кредиторларының өкілдері, акционердің өкілдері, сондай-ақ акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуі тиіс.
6. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған қоғамды басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.
7. Бұл туралы мәліметтерді бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізгеннен кейін қоғам өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы - «Казтелепорт» акционерлік қоғамының Жалғыз акционері - Жарғыға қол қоюға уәкілеттік берген тұлға



The image shows three handwritten signatures in blue ink: "Курсантов", "Астанаев", and "Магаев". They are positioned above a circular blue stamp. The stamp has a central eight-pointed star and contains the text "АКЦИОНЕРДІК ҚОҒАМЫ - «КАЗТЕЛЕПОРТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ - ЖАРҒЫГА ҚОЛОУЫНДА БАСҚАРУ МАССАСЫ" in a circular arrangement around the star.

УТВЕРЖДЕН

решением единственного акционера
акционерного общества «Казтелепорт» – дочерняя
организация Народного Банка Казахстана»
(протокол заочного заседания Совета директоров
АО «Народный Банк Казахстана»
от «09» февраля 2021 г. № 8)

УСТАВ

**Акционерного общества
«Казтелепорт» –
дочерняя организация Народного Банка Казахстана»**

Алматы, 2021 г.

Настоящий Устав акционерного общества «Казтелепорт» – дочерняя организация Народного Банка Казахстана, именуемого в дальнейшем «Общество», разработан и утвержден в новой редакции в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», именуемым в дальнейшем «Закон», и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Единственным акционером Общества является акционерное общество «Народный сберегательный банк Казахстана», именуемое в дальнейшем «Акционер».

Глава 1. Общие положения

Статья 1. Наименование Общества

1. Полное наименование Общества:

1) на казахском языке: «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы – «Казтелепорт» акционерлік қоғамы»;

2) на русском языке: акционерное общество «Казтелепорт» – дочерняя организация Народного Банка Казахстана»;

3) на английском языке: Joint Stock Company Kazteleport – Halyk Bank Subsidiary.

2. Сокращенное наименование Общества:

1) на казахском языке: «Казтелепорт» АҚ;

2) на русском языке: АО «Казтелепорт»;

3) на английском языке: JSC Kazteleport.

Статья 2. Правовой статус Общества

1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2. Официальный статус Общества определяется государственной регистрацией Общества в качестве юридического лица.

3. Форма собственности Общества – частная.

Статья 3. Место нахождения исполнительного органа Общества

1. Республика Казахстан, А05A1B9, г. Алматы, проспект Абая, 109 «В».

Глава 2. Деятельность Общества

Статья 4. Виды деятельности Общества

1. Целью деятельности Общества является получение дохода в результате осуществления его законной деятельности.

2. Общество осуществляет следующие виды деятельности:

1) оказание услуг по обеспечению информационного, телекоммуникационного и технологического взаимодействия между участниками расчетов по банковской деятельности, включая расчеты по операциям с платежными карточками;

